

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСТАР, БАЙҚАУЛАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАР  
ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
БАЙҚАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

---

АСТАНА  
2015

**Зияткерлік** сайыстар, байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру мен өткізу бойынша Республикалық байқау туралы Ереже. – Астана, 2015. – 8 бет

Зияткерлік сайыстар, байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру мен өткізу бойынша Республикалық байқау туралы Ереже мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеушілердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыруға бағытталған.

Аталған Ереже мектепке дейін білім беру жүйесінің қызметкерлері мен ата-аналарға ұсынылады.

Зияткерлік сайыстар, байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру мен өткізу бойынша Республикалық байқау туралы Ереже ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының (№3 хаттама 2015 жыл 10 маусым) Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралды және ұсынылды.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2015

## КІРІСПЕ

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту заманауи мектепке дейінгі білім берудің көкейтесті мәселесі болып табылады. Бүгінде әсіресе мәселелерге көзқарастары стандартты емес, кез келген ақпараттық ағындармен жұмыс жасай білетін, өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін шығармашылық адамдардың тәрбиесіне деген қоғамның қажеттілігі көрініп отыр. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамытуды тиімді психологиялық-педагогикалық ілестіру қажет.

**Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдарда зияткерлік сайыстар, байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру мен өткізу бойынша ережені әзірлеу.

### **Міндеттері:**

- балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту бойынша байқауларды ұйымдастыру мен өткізудегі жұмыстың педагогикалық барысын белсендіру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану тиімділігін арттыруға мүмкіндік беру;

- педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарды қолдау;

- білім беру барысында сәйкес іс-шараларды өткізу бойынша жұмыстардың формалары мен әдістерін тиімді қолдану.

Қазақстан Республикасының заманауи даму кезеңінде терең әлеуметтік экономикалық түрлену орын алуда, ол мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа талаптар мен оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа тиімді формаларын іздестіруді талап етеді.

Мектепке дейін білім беру дегеніміз – бұл барлық білім беру жүйесінің іргетасы, себебі баланың болашақ дамуының сипатын анықтайтын тұлға негіздері осында қаланады. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты баланың жеке жас әлеуетін барынша ашу үшін жағдайлар жасаудан тұрады. Бүкіл өмір бойы алған білімін, қабілеті мен машықтарын пайдалана отырып және адам ретінде қала отырып кез келген өмірлік міндеттерді (мәселелерді) шешуге қабілетті адамның – функционалдық сауатты тұлғаны дамуы үшін жағдай қажет. Бала өзіндің тіршілік әрекетінің субъектісі болу құқын алуға, өз әлеуетін көруге, өз күшіне сенуге, қызметте табысты болуды үйренуге тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін біршама жеңілдетеді, мектепте оқыту жағдайларында танымға қызығушылығын сақтап дамытады.

Көкейтестілігі: Жақсы зияткерлік – мектепте табысты оқу шарттарын шешеді, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту – тәрбиешілердің маңызды міндеті. Оқитын, санайтын және жазатын баланың оқи бастағанда қисынды ойлауға арналған тапсырмаларды орындау кезінде қиындыққа тап болатын жағдайлар жиі болады. Сондықтан мектеп жасына дейін балада зейінділікті, пайымдай білуді, заттарды талдау және салыстыру, жинақтау және мәнді белгілерін бөліп алу қабілетін құру, таным белсенділігін дамыту маңызды. Балалардың зияткерлік

қабілеттіліктерін дамыту үшін ең сезімтал кезең – 3-тен 8-ге дейінгі жас. Қабілеттілік әрекеттермен дамиды. Олимпиадалар мен байқаулар өткізу мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік қабілеті дамиды. Бұл кезде әрекеттіліктің кез келгені емес, тек эмоционалды жағымды әрекет қабілеттілікті дамытады. Таным қабілеттіліктерін дамыту балалардың балабақша бағдарламасының материалдарын табысты игеруге және мектепте оқуға дайындалуға мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралар мыналарды дамытады:

- сөйлеу машықтарын, логикалық ойлауларын, топпен жұмыс істеу қабілеттерін;

- математикалық машықтарды – қарапайым математикалық есептерді ойша орындай білу, сандармен жұмыс жасау;

- балаларды тұлға аралық қарым қатынас машықтарын – айналадағылармен өзара белсенді әрекеттесе білу.

Зияткерлікті дамыту белсенділігін әрі қарай табысты құру үшін маңызды негіз болып табылатындықтан көкейтесті болап саналады, себебі мектепке дейінгі жас бірегей және бүкіл өмірінде маңызды мәнге ие болады.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСТАР, БАЙҚАУЛАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларда зияткерлік және шығармашылық қабілеттіліктерді дамыту;

### **2. Сайыс міндеттері:**

- ортақ әрекетте мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін қолдау және жетілдіру;
- балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту және ой-өрістерін кеңейту;
- мектепте оқуға мотивациясын (уәждеме) құру және командамен жұмыс жасай білу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзіреттіліктерін дамыту.

### **3. Сайысты ұйымдастырушылар:**

- Облыстық Білім басқармасы (мектепке дейінгі білім бөлімі)
- «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы

### **4. Сайысты өткізу мерзімдері мен тәртібі**

- Сайыс екі кезеңде 2015 жылғы 29 қарашада өткізіледі.  
Бірінші кезең – аудандық №... балабақша базасында өткізіледі  
Екінші кезең - «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығымен бірге.

### **5. Сайысқа қатысу шарттары**

- Сайысқа мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 5-6жастағы балалары қатысады. Сайысқа қатысу ерікті түрде.
- Сайыс командалық сипатта. Командадағы қатысушылар саны – 5 бала.
- Әр команда 2-3 минуттық өздерінің презентацияларын дайындауы тиіс (атауы, ұраны, эмблема)
- Сайысқа қатысу үшін 2015 жылғы 15 қарашаға дейін өтінім беру қажет (көрсетілген күннен кейін өтінімдер қабылданбайды).

### **6. Кезеңдердің мазмұны**

**Бірінші кезең (сырттай) – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында өткізіледі.**

- Бірінші кезеңге тестілеу тапсырмалары енуі мүмкін: «Реттілігін жалғастыр», «Жеткіліксіз пішінді тап», «Бірдей заттарды тап», «Артығын тап», «Суретті есіңе сақта», «Анаграммалар», «Ребустар», қисындық тапсырмаларды шешу және т.с.

- бұл кезеңде команда құрылады. Тест жұмыстарын әр қатысушы жеке орындайды. Бірінші кезеңге қатысқан балалардан бірінші кезеңде үздік бес бала – көп балл жинағандар іріктеледі.

**Екінші кезең** станциялар бойынша ойын түрінде өткізіледі.

- Қатысушы-командаларға бағдарлық параққа сәйкес «Шешімін тап», «Оқы», «Есіңе сақта» және басқа да станцияларға бару ұсынылады.

- әр станцияда тапсырмаларды орындау кезінде команда барынша жоғары балл жинауы қажет. Екінші кезеңдегі тапсырмаларды орындаудың дұрыстығын әділқазылар мүшелері бағалап, бағдардық парақтарға белгілейді.

### **7. Сайыс нәтижелерін қорытындылау**

- Екінші кезеңде барлық станциялардан өткеннен кейін жиналған баллдардың жиынтығы командалық нәтиже болып саналады. Көп балл жинаған команда екінші кезеңнің жеңімпазы болып саналады.

- Барлық қатысушы командаларға сертификаттар тапсырылады.

- Жеңімпаз командалар мадақтамалармен және естеліу сыйлықтармен марапатталады.

### **8. Сайыс әділқазылары**

Сайыс әділқазылары Білім беру басқармаларының мамандарынан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен (тәуелсіз) құрылады.

Сайысты өткізуге жауапты білім беру басқармасының маманы.

Анықтама үшін **телефон**: 8 (7172) 29-56-29

**9. Сайысты өткізу кестесі** қатысушылардың өтінімдерін қабылдау аяқталғаннан кейін қосымша жарияланады.

### **10. Өтінім түрі:**

Ұйым \_\_\_\_\_

Жауапты (ТАӘ) \_\_\_\_\_

Байланыс **телефоны** \_\_\_\_\_

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеу мәселесі ХХІ ғасыр педагогикасының, ақпараттық технологиялар ғасырының ең көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылуда, себебі ол балалардың қабылдауы мен ойлау, ақыл-ой әрекеттілігін дамытуға жоғары талап қоятын жаңа әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық талаптарды ескереді.

Мектепке дейінгі білім беру — баланың дүние танымымен бірге, оның дамуына көмек пен қолдау. Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз білім жүйесінің бастапқы тізбегі болып табылады. Ол дені сау, дамыған баланың тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Заманауи білім беру мен психология-педагогика ғылымның ортақ міндеттерінің бірі зияткерлік-дамыған балаларды ерте бастан анықтау, оқыту және тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік мүмкіндіктерін терең дамыту үшін әртүрлі іс-шаралар мен байқаулар өткізу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі уақытта арнайы, мақсатты зияткерлік қызметтерді дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды ойлау әрекеттерінің техникасы мен технологиясына, танымдық ізденім үдерістеріне қатаң назар аудару қажеттілігі туындады.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған зияткерлік сайыстар, байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру мен өткізу бойынша республикалық байқау туралы ереже	5
Қорытынды	7